# «Кабинет» сервисімен одан да мобильді болыңыз

Нұсқаулық





Kcell

# Мазмұны


- «Кабинетке» кіру
- Парольді қалпына келтіру
- Әкімші бейіні
- Компанияны таңдау
- Нөмірлерді басқару
- Нөмір бойынша ақпарат
- Жалпы ақпарат/SIM-карта және құрылғы
- Тарифтік жоспар бойынша қалдық/Қосымша
- Қосылған қызметтер (қызметтерді өшіру)
- Қолжетімді қызметтер (қызметтерді қосу)
- Шот деректерін алу
- Құпия кодты жіберу және алу
- Нөмірді бұғаттау/бұғаттан шығару;
- SIM-картаны ауыстыру;
- MyKcell-де шот деректерін көруге тыйым салу
- MyKcell-ге қол жеткізуге тыйым салу
- SMS-ке/USSD басқаруға тыйым салу
- Бағыттау
- Құрылғыларды тіркеу (IMEI)
- GSM нөмірі бойынша төлемдер бойынша есеп
- Құжаттар мен есептер
- Төлемдер тарихы (несиелік төлем әдісі)
- Шот-фактура нөмірі бойынша мобильді нөмірді іздеу
- Әрекет тарихы





- Нөмірлердің тізімі бойынша есеп
- Орындалған жұмыстардың актісі және шот-фактура талдамасы
- Шот-фактуралар тізілімі
- Салыстыру актісі
- Тіркелген құрылғылар бойынша есеп
- Төлемдер бойынша есеп
- Атлас Про топтамасы бойынша шот деректері
- Теңгерімді ауыстыру
- FAQ

# «Кабинетке» кіру

Жүйеге кіру үшін Әкімшінің телефон нөмірін және парольді пайдаланыңыз.

Алғаш рет кіру үшін **Парольді ұмытыңыз ба?** функциясын пайдалану қажет.






Kcell

# Парольді қалпына

1-қадам
7701XXXXXXX форматында Әкімші нөмірін енгізіңіз және «Әрі қарай» пернесін басыңыз. Көрсетілген нөмірге коды бар SMS жіберіледі. Егер телефон нөмірі Tele2/Altel немесе шетелдік нөмір болса, онда тіркелген email-ге бір реттік пароль келеді.

2-қадам

Егер кодты алмасаңыз, бірінші әрекеттен кейін 60 секундтан кейін қол жетімді болатын қайта жіберу функциясын пайдаланыңыз.

3-қадам

Жаңа парольді енгізіңіз,
растау үшін парольді қайталаңыз,
Растау түймешігін басыңыз
Кейін Сіз нөмірлері бар бетке бағытталасыз.












Kcell

# Әкімші бейіні




- Бейінді реттеу үшін Әкімшінің оң жақ жоғарғы бұрышындағы түймешік арқылы Менің бейінім қойындысына өтіңіз.

- Менің бейінім қойындысында тіркелген кезде көрсетілген e-mail-ды өзгертуге немесе парольді өзгертуге болады.







- Менің компанияларым қойындысында Сіз бейінде көрсету үшін атауды өзгерте аласыз.



Kcell

# Компанияны таңдау

Егер Сіз бірнеше компанияның әкімшісі болсаңыз, онда олардың арасында ауысу үшін ағып шығатын тізімді пайдаланыңыз.









Kcell

# «Нөмірлерді басқару» бөлімі

Нөмірлерді басқару бөлімінде нөмірлер бойынша негізгі ақпарат көрсетіледі.

Абоненттік нөмір бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты қарау үшін оны Іздеу функциясының көмегімен тауып, іздеу нәтижесін басыңыз. Нөмірді тікелей көрсетілетін нөмірлер тізімінде басуға болады.

Жылдам әрекет орындау үшін тізімнің оң жағындағы жылдам әрекеттер тізімін пайдаланыңыз.



# Нөмір бойынша

Нөмір бейініне өту егжей-тегжейлі ақпаратты көруге мүмкіндік береді:
Нөмір қалпы - бұғатталған /бұғатталмаған, бұғаттау/бұғаттан шығару күні;
Тариф;
Нөмірдің жеке лимиті (орнатылған болса);
Жеке лимит бойынша қолжетімді қаражат (егер жеке лимит орнатылған болса);
Несиелік лимит (дербес шоттың).
Несиелік лимит сомасының қалдығы/аванстық нөмір бойынша теңгерім қалдығы
Өткен кезеңдер үшін берешек.

Қосымша функциялар:

- Жылдам операциялар тізімі;
- Шот деректері бөліміне көшу;
- Бұғаттау
- Бетті жаңарту.






# Жалпы ақпарат/SIM-карта және құрылғы

Жалпы ақпарат бөлімінде мыналар көрсетіледі:

- Есеп айырысу әдісі;
- тіркеу парағының №;
- дербес шот №
- SMS/

USSD арқылы басқару қалпы;

- MyKcell-де шот деректерін көруге тыйым салу

SIM-карта және құрылғы бөлімінде мыналар көрсетіледі:

- PIN-1,2
- PUK-1,2
- ICCID - SIM-карта №
- IMEI






# Тарифтік жоспар бойынша қалдық/Қосымша

Тарифтік жоспар бойынша қалдықтар бөлімінде желі ішіндегі қоңырауларға бонустық трафиктің қалдығы көрсетіледі.

Қосымша бөлімінде бонустық трафик көрсетіледі:

- ҚР басқа операторларына қоңыраулар;
- SMS;
- Интернет.









Kcell

# Қосылған қызметтер/қызметтерді өшіру

Қосылған қызметтер бөлімінде Әкімші өшіре алатын нөмірге қосылған қызметтер көрсетіледі.

- Қызметті өшіру үшін Өшіру түймешігін басыңыз.
- Қызмет шарттарымен танысу үшін белгішені басыңыз



# Қолжетімді қызметтер /қызметтерді

Қол жетімді қызметтер бөлімінде Әкімші қоса алатын қызметтер көрсетіледі.

Дауыстық
- Роуминг;
- Роумингтегі науқандар;
- Халықаралық қоңыраулар.

Интернет
- Интернет топтамалар.

Қызметті қосу үшін таңдалған қызметке қарама-қарсы тұрған Қосу түймешігін басыңыз.
Қызмет сәтті қосылған жағдайда ол Қосылған



# Шот деректерін алу

Қоңырауларлардың деректерін алу үшін нөмір бейінінде Шот деректері түймешігін басыңыз.







Ашылған беттен деректерді алу кезеңі мен түрін таңдаңыз.

Үнсіз келісім бойынша кезең ретінде соңғы ай таңдалған.

# Құпия кодты жіберу және алу

Құпия код Нөмір бойынша ақпарат бөлімінде жылдам операциялар мәзірі арқылы беріледі.

- Құпия код абоненттік нөмірді пайдаланушыға жеке тұлғалар үшін жеке кабинеттегі қоңыралардың деректерін қоса алғанда, нөмір бойынша ақпаратты қарауға мүмкіндік береді.
- Құпия код пайдаланушыға

нөмірді қосуға/өшіруге мүмкіндік бермейді.

Құпия кодты жою үшін осы функцияны пайдаланыңыз.









Kcell

# Нөмірді бұғаттау/бұғаттан шығару;

Нөмірді бұғаттау үшін түймешікті басыңыз Бұғаттау.







Ашылған терезеде әрекетті растаңыз.

Операция аяқталғанға дейін **Өңделуде** қалпы көрсетіледі.







Қалпын жаңарту үшін түймешікті басыңыз

*Бұғаттау/бұғаттан шығару әрекеті 1-2 минутты алуы мүмкін.*



Kcell

# SIM-картаны ауыстыру

Ауыстыруды жүзеге асыру үшін:

1. Нөмір бейініндегі Sim-картаны ауыстыру түймешігін басыңыз.










2. Пайда болған терезеде артқы жағында көрсетілген SIM карта нөмірін енгізіңіз.
3. Әрекетті растаңыз.






Kcell

# MyKcell-де шот деректерін көруге тыйым

Шот деректерін көруге тыйым салу үшін MyKcell-де **Шот деректерін көруге тыйым салу** түймешігін басыңыз.







Ашылған терезеде әрекетті растаңыз.

Тыйым салу туралы ақпарат
нөмір бойынша жалпы ақпарат бөлімінде көрсетіледі.



# MyKcell-ге қол жеткізуге

Қол жеткізуге тыйым салу үшін MyKcell-де **көруге тыйым салу** түймешігін басыңыз.







Ашылған терезеде әрекетті растаңыз.




Тыйым салу туралы ақпарат нөмір бойынша жалпы ақпарат бөлімінде көрсетіледі.

# Құрылғыны тіркеу (IMEI)

Құрылғыны тіркеу үшін немесе құрылғыны
тіркеуден алып тастау үшін.*

1. Нөмір бейінінде **Құрылғыны (IMEI) тіркеу** таңдаңыз.







Құрылғыны тіркеу үшін:

- Таңдалған нөмірі бар Sim-картаны тіркеуге жататын құрылғыға салу;
- **Соңғы тіркелген IMEI** жиегінде осы құрылғы шығады;
- «Тіркеу» пернесін басу қажет




3. Құрылғыны тіркеуден алып тастау үшін:

- Нөмірге **IMEI** тізімінде құрылғыны таңдау;
- «Жою» пернесін басу қажет




Kcell

# Қайта тіркеу (IMEI)




Құрылғыны қайта тіркеу үшін (IMEI құрылғының тіркемесін бұрынғы БСН/ЖСН-нен және MSISDN-нен алып тастау және компанияның БСН және ағымдағы MSISDN бойынша тіркеу).*

1. Нөмір профилінде **Құрылғыны тіркеу (IMEI) таңдаңыз.**







2. Құрылғыны **қайта тіркеу** үшін:
- Таңдалған нөмірі бар Sim-картаны тіркеуге жататын құрылғыға салу;
- **Соңғы тіркелген IMEI** жиегінде осы құрылғы шығады;
- **Қайта тіркеу** пернесін басу қажет.

3. Телнұсқаны қайта тіркеу және тіркеу шарттарымен танысу. «Растау» пернесін басу.




Kcell

# Қайта тіркеу (IMEI)

4. Құрылғының алдыңғы иесінің нөмірін енгізу

5. Құрылғының алдыңғы иесінің ЖСН\БСН енгізу

6. **Қайта тіркеу** пернесін басу қажет.







Kcell

# Телнұсқаны тіркеу (IMEI)




Телнұсқаны тіркеу үшін (ағымдағы тіркеуден шешпестен құрылғының IMEI-ін компания БСН-і мен ағымдағы MSISDN-і бойынша тіркеу)
1. Нөмір профилінде **Құрылғыны тіркеу (IMEI) таңдаңыз.**







2. **Телнұсқаны тіркеу үшін**:
- Таңдалған нөмірі бар Sim-картаны тіркеуге жататын құрылғыға салу;
- **Соңғы тіркелген IMEI** жиегінде осы құрылғы шығады;
- **Телнұсқаны тіркеу** пернесін басу қажет.

3. Телнұсқаны қайта тіркеу және тіркеу шарттарымен танысу. **Растау** пернесін басу.

Kcell

# Телнұсқаны тіркеу (IMEI)

4. **Телнұсқаны тіркеу** пернесін басу қажет




Kcell

# Телнұсқаны тіркеу (IMEI) - басқа операторда бұрынғы тіркеу

Егер тіркеу табысты өтпесе, себептерінің бірі басқа оператордың IMEI-не бекітілгені болуы мүмкін. **Сұранымдар тарихы** қойындысын қарап шығу қажет.




Осы нұсқаулықтың 22-23 беттерінде сипатталған **телнұсқаны тіркеу** пернесін басып, телнұсқаны тіркеу рәсімінен өту

Kcell

# GSM нөмірі бойынша төлемдер бойынша есеп

Төлемдер бойынша ақпаратты нөмір бойынша жеке қарау үшін нөмір бетіндегі **Төлемдер бойынша есепті** таңдаңыз.







Ашылған терезеде қажетті кезеңді және электрондық поштаны таңдаңыз. **Сұратуды** нұқыңыз және есеп электрондық поштаңызға жіберіледі.

**Назар аударыңыз! Төлемдер бойынша ақпаратты соңғы үш айға ғана жүктеуге болады!**



Kcell

# Құжаттар мен есептер




Құжаттар және есептер бөлімі төмендегіні қамтиды:

- Мобильді нөмірді іздеу
- Әкімшінің әрекеттер тарихы;
- Компанияның нөмірлер тізімі бойынша есеп;
- Орындалған жұмыстардың актісі;
- Шот-фактуралар тізілімі;
- Салыстыру актісі;
- Тіркелген құрылғылар бойынша есеп
- Төлемдер бойынша есеп
- Атлас Про топтамасы бойынша шот деректері

# Төлемдер

Төлемдер бойынша есепті алу үшін тиісті қойындыға өтіңіз.

- Қажетті кезеңді таңдаңыз
- Есепті жеткізу үшін электрондық мекенжайды көрсетіңіз;
- **Жолдау** пернесін басыңыз.






Kcell

# Шот-фактура нөмірі бойынша мобильді нөмірді іздеу

Шот-фактура нөмірі бойынша мобильді нөмірді іздеу үшін

- тиісті қойындыға өтіңіз;
- іздеу түрін таңдаңыз: тіркеу нөмірі немесе есептік жүйе нөмірі бойынша;
- нөмірді енгізіңіз;
- шығатын тізімнен шот-фактура жылын таңдаңыз;
- «Экранға» немесе «XLS форматындағы файл» опциясын таңдаңыз;
- «Сұрау» пернесін басыңыз.



# Әрекет тарихы

Әрекеттер тарихын қарау үшін тиісті қойындыға өтіп, қажетті кезеңді таңдап, Сұрау түймешігін басыңыз.




Әрекеттер тарихы экранда көрсетіледі.






Kcell

# Нөмірлердің тізімі

Нөмірлер тізімі бойынша есепті алу үшін тиісті қойындыға өтіп, есепті жеткізу үшін электрондық мекенжайды көрсетіп, Сұрау түймешігін басыңыз.



# Орындалған жұмыстардың актісі және шот-фактура

Орындалған жұмыстардың актісі мен шот-фактура талдамасын алу үшін
тиісті қойындыға өтіңіз.

- Шығатын тізімде жеке шоттың № таңдаңыз. Немесе телефон нөмірі бойынша іздеуді пайдаланыңыз;
- Жылды, айды таңдаңыз;
- (акті мен талдаманы PDF-те жүктеу үшін) немесе Excel-де жүктеу үшін (талдаманы Excel-де жүктеу үшін) **PDF-те жүктеу** түймешігін басыңыз



# Шот-фактуралар тізілімі

Шот-фактуралар тізілімін алу үшін тиісті қойындыға өтіңіз.

- Қажетті кезеңді таңдаңыз;
- **Сұрау** пернесін басыңыз.



# Салыстыру актісі

Салыстырып тексеру актісін алу үшін
тиісті қойындыға
өтіңіз.\

- Қажетті кезеңді таңдаңыз;
- Есепті жеткізу үшін электрондық мекенжайды көрсетіңіз.

Назар аударыңыз! Салыстырып тексеру актілерін Ұялы байланыс, Орнықты интернет, Автомониторинг, Телеметрия және Келісімшарттық телефон сияқты қызметтер бойынша соңғы 12 айға ғана жүктеп алуға болады.






Kcell

# Тіркелген құрылғылар бойынша есеп

Тіркелген құрылғылар бойынша есепті алу үшін тиісті қойындыға өтіңіз.

- Есепті жеткізу үшін электрондық мекенжайды көрсетіңіз;
- **Сұрау** пернесін басыңыз.




Kcell

# Атлас Про топтамасы бойынша шот деректері

**Атлас Про топтамасы бойынша шот деректерін** алу үшін тиісті қойындыға өтіңіз.

- Есепті жеткізу үшін электрондық мекенжайды көрсетіңіз;
- **Сұрату** пернесін басыңыз.



# Теңгерімді ауыстыру

Белгілі бір сомаға теңгерімді бір MSISDN нөмірінен басқа MSISDN нөміріне аудару үшін **Теңгерімді аудару** қойындысына өтіңіз. Жіберушінің нөмірін, алушының нөмірін, аударма сомасын енгізіңіз, **Теңгерімді аудару** түймешігін басыңыз.




Kcell

# FAQ

1. «Кабинетте» бірнеше ұйымды қалай басқаруға болады?
Бұл үшін әрбір ұйымнан белгілі бір әкімшіге басқаруға рұқсат беруге өтінім жіберілуі қажет.
2. Егер «Кабинетке» кіру мүмкін болмаса, не істеу керек?
Енгізілген есептік жазба деректерінің дұрыстығын тексеру қажет. Алғаш рет кабинетке «Парольді ұмытып қалдыңыз ба?» функциясы арқылы кіру қажет..
3. «Кабинеттің» бұрынғы нұсқасын пайдалануға бола ма?
Бұрынғы нұсқаны пайдалану мүмкін емес, қолжетімділік жабық.
4. Нөмірге қосылған барлық қызметтердің тізімі неге көрсетілмейді?
Біз қызметтердің тізімін алдыңғы нұсқамен салыстырғанда кеңейттік. Және оны толтыру бойынша жұмысты жалғастыратын боламыз. Қызмет туралы тілектеріңізді email@kcell.kz электрондық поштасына жіберіңіз
5. Егер қызметті нөмірге қосу/өшіру немесе басқа операцияларды орындау кезінде жүйе қате көрсетсе, не істеу керек? Қате пайда болғанда, 2-3 минут күтіп, бетті жаңартып, әрекетті қайталаңыз. Егер жағдай өзгермесе, корпоративтік клиенттерді қолдау қызметіне хабарласу қажет.
6. «Құпия кодты жіберу» және «Құпия кодты жою» дегеніміз не?
Бұл қызметкерге жеке кабинетін пайдалану үшін код беру мүмкіндігі (жеке тұлғалар үшін). Бұл кабинетте қызметкер өз бетінше бірқатар операциялар жасай алады, оның ішінде шот деректерін ала алады.
7. Егер нөмір бұғатталған болса және «Бұғаттан шығару» түймешігі болмаса не істеу керек?
Егер нөмірде «Бұғатталған/Қарыз» қалпы тұрса, онда нөмірде төленбеген берешек болғандықтан, дербес бұғаттан шығару шығару мүмкін болмайды.
8. SIM картаны ауыстыра алмаймын, функция қол жетімді емес.
SIM-картаны ауыстыру «Іске қосулы» қалпы бар нөмірде ғана жүзеге асырыла алады.



Kcell